

Клиникалық практикада клеткалық технологияларды пайдалану туралы

Күші жойғал

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2005 жылғы 5 қазандағы N 505 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2005 жылғы 17 қазанда тіркелді. Тіркеу N 3895. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 29 сәуірдегі N 311 бұйрығымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010.04.29 N 311 бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2003 жылғы 11 желтоқсандағы N 923 бұйрығымен бекітілген Диагностика мен емдеудің жаңа әдістерін қолдану ережесінің (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2627 тіркелген) 8-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Денсаулық сақтау ұйымдарына адамның клеткаларын ауыстырып қондыруды (клеткалық технологиялар) клиникалық практикада пайдалануға т ы й ы м с а л ы н с ы н .

2. Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын ғылыми ұйымдарға негізгі және қолданбалы ғылыми зерттеулер шеңберінде денсаулық сақтау саласындағы клеткалық технологияларды клиникаға дейін және клиникалық сынақ жүргізуге рұқсат етілсін.

3. Білім, ғылым және халықаралық ынтымақтастық департаменті (Хамзина Н.Қ.) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне мемлекеттік т і р к е у г е ж і б е р с і н .

4. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Ұйымдастыру-құқықтық жұмыс департаменті (Акрачкова Д.В.) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін белгіленген тәртіппен оны ресми жариялауды қ а м т а м а с ы з е т с і н .

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау бірінші вице-министрі А.А.Ақановқа жүктелсін.

6. Осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

Министр